

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 85 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 9 желтоқсанда № 37563 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 85

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
20__ жылғы "__" _____
№ __ қаулысымен
бекітілді

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16

-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – ұйымдар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, кезенділігін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2-тарау. Есептілікті ұсыну тәртібі

2. Ұйымдар Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есептілікті Ұлттық Банкке есептілікті ұсыну сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынады.

3. Ұйым басшысының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның және орындаушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есептілік электрондық форматта сақталады.

4. Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігін ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

5. Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін орындау туралы есепке олардың орналасқан елдегі қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нормативтік мәндер туралы мәліметтер, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын сақтандыру тобына қатысушылардың пруденциялық нормативтерін есептеу әдістемесі қоса беріледі.

6. Ұйымның пруденциалдық нормативтерін орындау туралы есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

7. Сақтандыру резервтерін өтейтін өтімділігі жоғары активтердің, төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативтері және активтерді әртараптандыру нормативтері жүзге дейін дөңгелектенеді. Егер өтімділігі жоғары активтердің және төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативтерінің дөңгелектелген мәні 1 (бір бірліктен) кем болса немесе әртараптандыру нормативтерінің дөңгелектелген мәні " Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген) белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемелерінің 42-тармағында және "Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сондай-ақ исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 14 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18293 болып тіркелген) белгіленген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелерінің 37-тармағында белгіленген мәндерден жоғары болса, онда көрсетілген нормативтер бұзылған болып саналады.

8. Ұйымдар күн сайын әрбір бағалы қағаз, эмитент, қайта сақтандыру ұйымы, исламдық қайта сақтандыру ұйымы, екінші деңгейдегі банк, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының бағалы қағаздарының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында (бұдан әрі – қор биржалары) жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген әрбір бағалы қағаздардың санаты бойынша рейтингтік бағалауға мониторинг жүргізеді. Есептерді жүзеге асыру мен есептерді ұсыну кезінде есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қор биржаларының рейтингтік бағасы және бағалы қағаздар санаты пайдаланылады.

9. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциалдық нормативтерін және сақталуға

міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемелері "Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 17 ақпандағы № 32 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22231 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

10. Ұйымдар Ұлттық Банкке мыналарды:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есепті;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының күтілмеген тәуекелдер резервін есептеуі туралы есепті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тұрақтандыру резервін есептеуі туралы есепті;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін орындау туралы есепті;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есепті;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының күтілмеген тәуекелдер резервін есептеуі туралы есепті;

7) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тұрақтандыру резервін есептеуі туралы есепті ұсынады.

11. Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін орындау туралы есепте Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне және "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) белгіленген белгілі бір күнге Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелеріне, капиталының мөлшеріне 6-қосымшаға сәйкес Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне сәйкес сақтандыру тобына қатысушылар бойынша төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталдың) ең төменгі мөлшерінің есебі қамтылады.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 10 (оныншы) ақпанға дейін ұсынады.

13. Сақтандыру тобының бас ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті электрондық форматта:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 1 (бірінші) күнінен кешіктірмей;

өткен жылғы төртінші тоқсан үшін есепті тоқсаннан кейінгі жылғы 1 (бірінші) сәуірден кешіктірмей ұсынады.

14. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 10 (оныншы) ақпанға дейін ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 85
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының, сақтандыру тобының,
исламдық сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының және
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-исламдық сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының пруденциялық
нормативтерді орындауы туралы
есептілікті ұсыну қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және
Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1 –
PN_SO

Кезеңділігі: ай сайын
Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар
тобы: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____
Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан
Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы мәліметтер

№	Нормативтің атауы	Көрсеткіштің мәні

1	2	3
1	Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативі (1.1/1.2)	
1.1	Нақты төлем қабілеттілігі маржасы (1.3 + 1.4 немесе 1.8 ең төмен шама) (мың теңгемен)	
1.2	Нақты төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("400") (мың теңгемен)	
1.3	Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеудің аралық қорытындысы ("100") (мың теңгемен)	
1.4	Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеуге енгізілетін сома ("200") (мың теңгемен)	
1.5	Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, активтердің жиынтығы ("12000") (мың теңгемен)	
1.6	Қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру резервтері ("13000") (мың теңгемен)	
1.7	Сақтандыру резервтерінің сомасын қоспағанда, міндеттемелер ("14000") (мың теңгемен)	
1.8	Активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген нақты төлем қабілеттілігі маржасы (1.5 - 1.6 - 1.7) (мың теңгемен)	
	"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының	

тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген) белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелерінің (бұдан әрі – Нормативтер) 42-тармағы 1) тармақшасының талаптарына және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерге сәйкес келетін бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып), Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-"-тан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А"-дан төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент еншілес банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банкі болып табылатын бір екінші деңгейдегі банктегі және осы банктің үлестес тұлғаларындағы, Қазақстанның

	Даму Банкіндегі және оның үлестес тұлғаларындағы (активтерді әртараптандыру нормативі (бұдан әрі – ӘН) ӘН1-1) салымдар мен ақшаның жиынтық баланстық құны: 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қ аулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген) бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға (бұдан әрі - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 30 (отыз) пайыздан аспайды; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды.	
	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу Нормативтердің 42-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздарға ("кері репо" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың, Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-дан "B+"-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бір	

3	екінші деңгейдегі банктегі және осы банктің үлестес тұлғаларындағы (ӨН1-2) салымдар мен ақшаның жиынтық баланстық құны: 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 15 (он бес) пайыздан аспайды.	
4	Нормативтердің 42-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып), Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бір екінші деңгейдегі банктегі және осы банктің үлестес тұлғаларындағы (ӨН1-3) салымдар мен ақшаның жиынтық баланстық құны: 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын	

	талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
5	Қазақстанның даму банкін қоспағанда, екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларына (ӘН2) бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып) жиынтық баланстық құны және ақша: 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
6	"Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысымен бекітілген ұлттық компаниялар тізбесіне кіретін және Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-"-тан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларына (ӘН3) бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып)	

	жиынтық баланстық құны және ақша – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды.	
7	Аффинирленген бағалы металдар мен металл шоттарға жиынтық орналастыру (ӘН4) - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
8	Қызметін "өмірді сақтандыру" саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларына берілген қарыздардың жиынтық мөлшері (ӘН5) – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
9	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А"-тан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны ("кері репо" операцияларды ескере отырып) (ӘН6) - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	

10	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) рейтингтік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып) жиынтық баланстық құны (ӘН6-1) – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 5 (бес) пайыздан аспайды	
11	Нормативтердің 39-тармағында тізбесі айқындалған халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына инвестициялардың ("кері репо" операцияларды ескере отырып) жиынтық баланстық құны (ӘН7) – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды.	
12	Нормативтердің 38-тармағы 23) және 24) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық баланстық құны (ӘН8) - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
	Құнсыздануға арналған резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық баланстық құны (ӘН8-1) –	

13	Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
14	Құнсыздануға арналған резервті шегергендегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны (ӨН9) – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
15	Нормативтердің 38-тармағы 25) және 26) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық баланстық құны (ӨН10) - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
16	Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін орындау туралы ақпарат ("иә" немесе "жоқ")	
17	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шарты (шарттары) бойынша меншікті ұстап қалу мөлшерін орындау туралы ақпарат ("иә" немесе "жоқ")	

2-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту сомасы (мың теңгемен)

Қайта сақтандыру ұйымының атауы	Халықаралық немесе ұлттық шкала бойынша қайта сақтандырушының рейтингтік бағасы (төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі)	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы, барлығы (мың теңге)	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасынан пайыз	Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерінің ұлғайту сомасы (3-баған x 4-баған)
1	2	3	4	5
"Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
1-топ	"АА-" немесе жоғары		0%	
2-топ	"А+" – "А-" аралығы		0%	
3-топ	"BBB+" – "BBB-" аралығы		0,2%	
4-топ	"BB+" – "BB-" аралығы		0,75%	
5-топ	"B+" – "B-" аралығы		3,8%	
6-топ	"B"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Қазақстан Республикасының резидент-қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
7-топ	"B" немесе "kzBB" төмен емес		0%	
8-топ	"B-", "kzBB-", "kzBB+"		0,2%	
9-топ	> 1,75		0,05%	
10-топ	> 1,5		0,1%	
11-топ	> 1,25		0,2%	
12-топ	> 1,1		0,5%	
13-топ	≥ 1,0		3,8%	
14-топ	< 1,0		5%	
ЕАЭО туралы шартқа қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары				

15-топ	"BBB+" – "BBB-" аралығы		0%	
16-топ	"BB+" – "BB-" аралығы		0,2%	
17-топ	"B+" – "B-" аралығы		0,5%	
18-топ	"B-"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Әр түрлі мемлекеттерде (елдерде) тіркелген Қазақстан Республикасының кемінде үш бейрезиденті-сақтандыру ұйымы құрған сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысу шеңберінде жасалған қайта сақтандыру шарттары				
19-топ	"BBB+" – "BBB-" аралығы		0%	
20-топ	"BB+" – "BB-" аралығы		0,2%	
21-топ	"B+" – "B-" аралығы		0,5%	
22-топ	"B-"-тен төмен немесе жоқ		22%	
"Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушы-қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
23-топ	"B" немесе "kzBB" төмен емес		0%	
24-топ	"B-", "kzBB-", "kzB +"		0,2%	
25-топ	"B-", "kzBB-", "kzB +" төмен немесе жоқ		5%	
Жиыны:	xxx		xxx	

3-кесте. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және қайта сақтандыруды қызметінің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін есептеу (мың теңгемен)

Көрсеткіштің атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
"Сыйлықақылар әдісін" пайдалана отырып төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін есептеу		
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (1110 Нормативтердің 12-тармағының 1) және 2) тармақшыларына сәйкес)		
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстарының сомасы	1120	

Алдыңғы қаржы жылындағы корпоративтік табыс салығының сомасы	1130	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("1110" – "1120" – "1130")	1100	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (Нормативтердің 12-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес)	1210	
Алдыңғы қаржы жылындағы түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("1210" – "1120" – "1130")	1200	
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге арналған жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақылар (егер "1100" ≥ "1200" болса, онда "1100"; егер "1100" < "1200" болса, онда "1200")	1010	
А аралық қорытындысы: (егер "1010" > 3 500 000 болса, онда $(3\,500\,000 \times 0,18 + ("1010" - 3\,500\,000) \times 0,16)$; "1010" < 3 500 000 болса, онда $"1010" \times 0,18$)	1020	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері ("1311" + "1312" + "1313")	1310	
Алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	1311	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	1312	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	1313	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("1321" + "1322" + "1323")	1320	
Алдыңғы қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	1321	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	1322	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	1323	

Түзету коэффициенті (егер "1310" / "1320" > 0,5 болса, онда "1310" / "1320"; егер "1310" / "1320" ≤ 0,5 болса, онда 0,5)		1300	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("сыйлықақылар әдісімен") ("1020" x "1300")		1000	
Нормативтердің 16-1-тармағына сәйкес төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("сыйлықақы әдісімен")		1000*	
"Төлемдер әдісін" пайдалана отырып төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін есептеу			
Жиынтық сақтандыру төлемдері	Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген (Нормативтердің 13-тармағы 2) тармақшасының талаптарын ескере отырып) ("2111" + "2112" + "2113")	2110	
	алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген	2111	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2112	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2113	
	"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта) ұйымдары үшін алдыңғы 7 (жеті) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("2121" +... + "2127"):	2120	
	алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген	2121	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2122	

алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2123	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 3 (үш) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2124	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 4 (төрт) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2125	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 5 (бес) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2126	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 6 (алты) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2127	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы	2210	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы	2310	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 6 (алты) жылдағы, қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы (Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін)	2320	
Одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері ($\frac{1}{3} \times ("2110" + "2210" - "2310")$)	2030	
Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері ($\frac{1}{7} \times ("2120" + "2210" - "2320")$)	2031	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("төлемдер әдісімен"): (егер "2030" > 2 500 000 болса, онда $((2\,500\,000 \times 0,26 + ("2030" - 2\,500\,000) \times 0,23) \times "1300")$; егер "2030" < 2 500 000 болса, онда $"2030" \times 0,26 \times "1300"$)	2000	
Нормативтердің 16-1-тармағына сәйкес төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("төлем әдісімен")	2000*	

Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері		
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("1000" немесе "2000", ең жоғарғы шама немесе "1000*" және "2000*" толтырылған болса, онда "1000*" және "2000*" ең жоғары шама)	3000	
Нормативтердің 14-тармағында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ең төменгі төлем қабілеттілігі маржасын ұлғайту сомасы	3010	
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының түзетілген ең төменгі мөлшері ("3000" + "3010")	3100	
Алдыңғы қаржы жылындағы төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері	4100	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві қайта сақтандырушының үлесін шегергенде	4010	
Алдыңғы қаржы жылының басындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві қайта сақтандырушының үлесін шегергенде	4020	
Алдыңғы қаржы жылындағы резерв коэффициентіне түзетілген төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері (егер "4010" / "4020" ≥ 1 болса, онда "4100", егер "4010" / "4020" < 1 болса, онда "4100" x ("4010" / "4020"))	4000	
Есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері (егер "4000" $\leq$ "3100", онда "3100", егер "4000" $>$ "3100", онда "4000")	5000	
Кепілдік беру қорының ең аз мөлшері	6000	
Есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері (5000 + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасының бір бөлігі)	7000	
Кепілдік беру қорының ең төменгі мөлшері ("6000" + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасының бір бөлігі)	8000	
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("7000" немесе "8000", ең жоғары шама)	9000	
"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеу		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төленген жарғылық капитал	111	
Артықшылықты акциялар	112	

Өткен және ағымдағы жылғы бөлінбеген кіріс	113	
Резервтік капитал, Күтпеген тәуекелдер резерві және Тұрақтандыру резерві	114	
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда материалдық емес активтер	115	
Алдыңғы жылдардың жабылмаған шығыны	116	
Есепті кезеңнің жабылмаған шығыны	117	
Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестициялар	118	
Заңның 32-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдары не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар тұлға болып табылатын тұлғаларға берілген реттелген қарыздар	119	
А аралық жиынтығы ("111" – "112" + "113" + "114" – "115" – "116" – "117" – "118" – "119")	100	
Белгіленген өтеу мерзімі бар реттелген борыш	201	
Белгіленген өтеу мерзімі жоқ реттелген борыш	202	
Артықшылық берілген акциялар	203	
Б аралық жиынтығы ("201" + "202" + "203")	211	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебіне енгізілетін сома: егер "211" > 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама); егер "211" ≤ 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда "211"	200	
Төлем қабілеттілігінің нақты маржасы ("100" + "200" немесе "15000", ең төменгі шама)	300	
Төлем қабілеттілігін маржасының ең төменгі мөлшері ("9000")	400	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативі ("300" / "400")	500	

4-кесте. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін есептеу

(мың теңгемен)

Көрсеткіштің атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
"Өмірді сақтандыру", "мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру", "зейнетақы аннуитеттік сақтандыру", "және "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары үшін, сондай-ақ "қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныбы шеңберінде жасалған аннуитеттік сақтандыру және зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша		

Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары		
Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары (3 (үш) жылға дейінгі мерзіммен) бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1113" – "1111")	1110	
Есептелген сақтандыру резервтерінің сомасы	1111	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1112	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1113	
Қайта сақтандырушының сақтандыру сомасындағы үлесі	1114	
Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары (3 (үш) жылдан бастап 5 (бес) жылға дейінгі мерзіммен) бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1123" – "1121")	1120	
Есептелген сақтандыру резервтерінің сомасы	1121	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1122	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1123	
Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі	1124	
Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандырудың қалған шарттары бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1133" – "1131")	1130	
Есептелген сақтандыру резервтерінің сомасы	1131	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1132	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1133	
Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі	1134	

Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелді капитал ("1110" + "1120" + "1130")	1140	
Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесі шегерілген тәуекелді капитал ("1140" + "1112" – "1114" + "1122" – "1124" + "1132" – "1134")	1150	
Түзету коэффициенті (егер "1150" / "1140" > 0,5 болса, онда "1150" / "1140"; егер "1150" / "1140" ≤ 0,5 болса, онда 0,5)	1160	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("1110" x 0,001 + "1120" x 0,0015 + "1130" x 0,003) x "1160")	1170	
Өмірді сақтандырудың басқа да шарттары		
Зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1210	
Өзге сақтандыру шарттары бойынша алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1211	
Есеп айырысу үшін есептелген сақтандыру резервтерінің сомасы: ("1210" x Нормативтердің 21-тармағында белгіленген пайыздың тиісті мөлшері + "1211" x 0,04)	1220	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1230	
Түзету коэффициенті (егер "1230" / ("1210" + "1211") > 0,85 болса, онда "1230" / ("1210" + "1211"), егер "1230" / ("1210" + "1211") ≤ 0,85 болса, онда 0,85)	1240	

Басқа да өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("1220" x "1240")	1200	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("1170" + "1200")	1000	
"Жазатайым жағдайлардан сақтандыру", "ауырған жағдайдан сақтандыру", "туристті міндетті сақтандыру" және "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныптары үшін		
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы	3110	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстар сомасы	3120	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру сыйлықақыларына салық салу сомасы	3130	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған, түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("3110" – "3120" – "3130")	3140	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы	3150	
Алдыңғы қаржы жылында түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("3150" – "3120" – "3130")	3160	
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге арналған жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары (егер "3140" ≥ "3160" болса, онда "3140"; егер "3140" < "3160" болса, онда "3160")	3100	
А аралық жиынтығы: (егер "3100" > 3 500 000 болса, онда (3 500 000 x 0,18 + ("3100" - 3	3200	

500 000) x 0,16); егер "3100" < 3 500 000 болса, онда "3100" x 0,18)		
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3311" + "3312" + "3313")	3310	
Алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	3311	
Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері	3312	
Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері	3313	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3321" + "3322" + "3323")	3320	
Алдыңғы қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3321	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3322	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3323	
Түзету коэффициенті (егер "3310" / "3320" > 0,5 болса, онда "3310" / "3320"; егер "3310" / "3320" ≤ 0,5 болса, онда 0,5)	3300	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("сыйлықақылар әдісімен") ("3200" x "3300")	3400	

Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3511" + "3512" + "3513"):	3510	
алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген	3511	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылға, жылдың соңына есептелген	3512	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, жылдың соңына есептелген	3513	
Алдыңғы қаржы жылының соңына мәлімделген, бірақ реттелмеген резерв сомасы	3520	
